

БӨЛІМ: ҒЫЛЫМИ ЖОБА

Электрондық оқулық құру

ЖАРИЯЛАНДЫ
18.04.2019СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/55874/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Электрондық оқулық – бұл оқыту процесінің үздіксіз және толық дидактикалық циклының қамтамасыз ететін, кешендік оқыту программалық жүйесі: теориялық материалды ұсынады, жаттықтырушы оқу қызметі мен білім деңгейін бақылайды, сонымен қатар ақпараттық – іздеу қызметін, компьютерлік визуализациясы математикалық және имитациялық модельдеуді және интерактивті байланысты жүзеге асыру жағдайында сервистік функцияларды қамтамасыз етеді. Электрондық оқулық барлық негізгі функциялардың орындалуын қамтамасыз ету керек, теориялық материалды көрсетуі, алғаш рет алынған білімді қолдануын ұйымдастыру (жаттықтырушы білімді орындау), менгеру деңгейін (кері байланыс!), өзбетімен білім алу үшін бағдар тапсырмасын бақылауы да кіреді. Оқыту процесінің дидактикалық циклдық барлық түйінін бірыңғай компьютерлік бағдарлама арқылы жүзеге асыру процесін ұйымдастыруын жеңілдетеді, оқушылардың оқуға кететін уақытын қысқартады және де электрондық оқулықпен жұмыс істеудің бір сеансына дейінгі аралықта дидактикалық циклдың бүтіндігін автоматты түрде қамтамасыз етеді. Оқыту процесі жаңа, жоғары деңгейде болады, себебі электрондық оқулық оқушының өте қолайлы жұмыс істеуіне мүмкіндік береді, көп еселі қайталау және оқытушы мен оқушы, берілген жағдайда компьютер арасындағы диалогтік мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді. Мультимедиялық әдістемелік күші оқушыны келісілген дыбыс ағымы мен көру бейнелерін қабылдағанда оны қызықтыру және оқыту оңай және оған тек ақпараттық емес, сонымен қатар эмоциялық әсерлер ықпал етеді [3, 5].

Электрондық оқулық деген білім беретін ақпараттық ресурс, оны тек қазіргі ақпараттық технологияларда қолдану арқылы ғана жасауға, таратуға және қолдануға болады.

Электрондық оқулық білім беру ортасының бөлшегі болып табылады. Оған дәстүрлік білім беру ресурстары, басқа электронды оқулықтар, адам факторы, мемлекет,

бастырушылар мен таратушылар кіреді.

Мектеп білімі үшін оқытушы, оқушы, ата – аналар, сыныптас келбетіндегі адам факторы шешуші болып табылатыны сөзсіз. Орта мектепте, ең құрметті адам мұғалім болып табылатынын есте сақтау керек. Электрондық оқулық қаншалықты жетілген болғанымен, егер оқытушы оны ата – аналар жиналысында ұсынбаса, онда электрондық оқулықтың оқушыға дейін жетудің ешқандай үміті жоқ. Оқытушы жанында оқушыға ата – ананың немесе оқушының сауда желісінде немесе ғаламтордан оны өздері алып береді. Қазіргі кезде барлық электронды оқулықтардың арасында сатып алушыға бағдар беретін негізделген және білікті сала бар маңызды баспалар жоқ. Жалғыз бағдар бағасы мен квалификациялық жарнамасы, сонымен қатар жолдастары мен таныстарының кеңестері болып табылады. Үйдегі компьютер сонымен салыстырғанда электрондық оқулықтардың аз тираждары болғандықтан, оқушының электрондық оқулықтың мүмкіндіктерін білмеуі себеп болады және де сондықтан олар сұралым қалыптастыруға қатыспайды.

Мультимедиа – жасау сатысының ішінде білім беру және педагогикалық сценаридың кәсіптік дайындығы үшін қолданылатын жүйелер маңызды орын алады. Педагогикалық сценарий – бұл оның құрылымы мен мазмұнын анықтайтын компьютердің курстық жобасы. Педагогикалық сценари оқу материалдың тек мазмұны ғана емес (ақпаратты ұсынатын) – мұнда оқуды басқару және оқу процесінің жүруін бақылау тәсілдері сипатталу керек және де оның сапасынан компьютерлік курсін жасау тиімділігіне тәуелді болады.

Педагогикалық сценариді жасау сатысының өзінде талаптар қатарын ескеру керек, оның ішінде принципіне негізделген дидактикалық талаптар ерекше орын алады. Оларға жататындар: мазмұның ғылымдағы; ұсынылған оқу материалының бұрын алынған білім, дағды мен шеберліктің сәйкес келуі; жүйелік және тізбектілік; оқушылардың жеке ерекшеліктеріне иілгіштігі, қабілетілігі, көрнекілік, танымдылығы мен белсенділігі.

Педагогикалық сценариді бірнеше кезеңдерге шартты түрде бөлуге болады:

1. Оқыту мақсатын анықтау мен нақтылау және компьютер курсын қолдану, сонымен қатар оқыту процесіне жүзеге асырылатын артықшылықтар. Компьютерлік оқытуды көптеген пәндерді, кәсіптерді, тақырыптарды оқығанда қолдану керек. Сонымен қоса, педагогикалық сценариді жасауда жұмыс алданда жасалған компьютерлік курстың артықшылығы не екенін шешу керек. Ақпаратты кешендік түрде өңдейтін аудиовизуалды құралдарды қолдануға мүмкіндік беретін анық айтылған мағыналы байланыстары бар пәндер мен тақырыптардың мазмұнын қолдану ұсынылады.
2. Оқу материалының мазмұнын сұрыптау педагогикалық сценаридің авторын оқу

материалынан (курсына, тақырыбына, бөлімінен) оқушыларға жаңа материалдың негізгі мағыналық мазмұнын көруге, естуге, сезінуге және түсінуге мүмкіндік беретін түсініктер, анықтамаларды, мысалдарды, суреттерді сұрыптап алу керек. Ақпаратты оқулықтан компьютерлік курсқа механикалық түрде тасымалдау педагогиканың нәтижесіне қамтамасыз етпейді. Автор сұрыптап алған оқу материалы құрылыс пен процестер мәнділігінің ашылуын қамтамасыз ету керек. Бұндай амал оқушыларда жаңа ойлау стилін, шығармашылық қабілеттілігін дамытуына, қалыптастыруына мүмкіндік жасайды. Сонымен қатар, оқу материалы, автордың дидактикалық жайындылығын жетілдіру және оқушының жеке қабілетін бағдарлау, бұрын алған біліміне дағдылығы мен шеберлігіне сүйене отырып, оқушының танымдық белсенділігін ынталандыру керек.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.